

## Железин ауданы Михайлов ауылдық округі Красновка ауылының шекарасын (шегін) белгілеу және өзгерту туралы

Павлодар облысы Железин ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 3 наурыздағы № 74/3 бірлескен қаулысы және Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2026 жылғы 6 наурыздағы № 228/8 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108-бабы 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3) тармақшасына сәйкес, Железин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Железин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің 1, 2-қосымшасына сәйкес жалпы алаңы 608,5 гектар Железин ауданы Михайлов ауылдық округі Красновка ауылының шекарасы (шегі) белгіленсін және өзгертілсін.

2. "Железин ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жер есебі құжаттарына қажетті өзгерістер енгізілсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Железин ауданының әкімі*

*Аудандық мәслихаттың төрағасы*

*А. Шайхимов*

*Т. Даулетов*

Бірлескен  
Железин ауданы әкімдігінің  
2026 жылғы "3" наурыздағы  
№74/3 қаулысына  
және Железин аудандық  
мәслихатының  
2026 жылғы "6" наурыздағы  
№228/8 шешіміне  
1-қосымша


## Железин ауданы Михайлов ауылдық округі Красновка ауылы жерлерінің экспликациясы

Гектар

Жалпы алаңы	А у ы л шаруашылық алқаптарының барлығы	Оның ішінде			Басқалар
		Егістік	Шабындық	Жайылымдар	
608,5	372,5			372,5	236

Бірлескен  
Железин ауданы әкімдігінің  
2026 жылғы "3" наурыздағы  
№74/3 қаулысына  
және Железин аудандық  
мәслихатының

## ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ЖЕЛЕЗИН АУДАНЫНЫҢ МИХАЙЛОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ КРАСНОВКА АУЫЛЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ ЖОБАСЫ



### Жер бойынша экспликация (га)


	Жолдардың атауы	Оның ішінде						
		Шекарадағы барлық жер	егістік	Жайылымдар табиғи	Ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынты	Көкөніс бақшалары	Су астында	Ағаш-бұта екпелері
	Игеру жылына арналған жобаның бойынша	608,5		372,5	372,5			5

### кестенің жалғасы

Оның ішінде							
жолдар	Елді мекеннің салынған бөлігі	Басқа жерлер					Жер пайдаланушылар мен жер учаскелерінің меншік иелерінің жерлері
		барлығы	Оның ішінде		Арықтар, бөгеттер	Басқа жерлердің	
Зираттар мен мал қорымдары	Полигондар						
3	226	2	1	1			


## Условные обозначения

граница землепользования




и номера точек

а) проектные



полевая дорога



пастбище